Овердрафтың пайда болуы есептік-кассалы қызмет көрсету келісiмiнде көрсетiлуi тиiс. Бұндай несиенің мерзімі 10-15 күннен аспау керек.

Шекті сомма әдетте көрсетiлмейдi. Овердрафт түріндегі несиені қолданғанда, клиент комиссияндық сыйлықты төлейді, оның мөлшері овердрафтты қолдану күндерінде абсолютті шамамен есептеледі.

3. Мезгілсіз кәсіпорындарды несиелеу. Несиелеудің бұндай түрі банктің клиентпен көп уақытты несиелік байланысын орнататынын көрсетеді. Клиенттің оған несие беретін банкте, есептік шоты болады. Несие, қарызға берілетін құралдардың жүйелі түрде тауарлар мен өндірістік материалдарды алу үшін қаражат керектігі кезінде беріледі.

Несиені есептік құжаттарды белгілі құндылықтар және чек арқылы ссудалы және арнайы ссудалы шотпен жалақы қаражатын береді. Ссуданы мерзімімен квартал сайын өтейді, ол өндірісте пайданың таралуы және өнім алуы уақытын болжап, несиелік келісіммен бекітілген мерзімде төленеді.

Беретін несиенің көлемін қадағалау, несиелік сызық шамасының орнатылуымен, яғни кварталдағы клиенттің ссудалық қарызының шегін білумен орындалады. Банкке осындай қарыз жаңартылып отырады. Несиелік сызықты қолдану, банк үшін, керекті соммада әрқашан несиелік ресурстарының болуын көрсетеді. Егер клиент оған берілген лимитті толығымен қолданбаса, несиелік келісіммен сәйкес, ол комиссияндық сыйақы төлеуі қажет, оның мөлшері көрсетілген ресурстардың пайыздық ставка деңгейімен бірдей болады.

4. Маусымдық кәсіпорындарды несиелеу. Құралдарда қажеттіліктің ұлғаю дәуірі бөлінеді, несиелерді қарқынды алуы, және бірте-бірте дайындалған шикізатты өңдеу дәуірі және өнімнің жүзеге асырылуының

ұлғаюы, демек, несиелер өтеледі. Олардың осы ерекшелігін ескеріп, банкке мақсатты несиеледе қажеттілікті есеп және оның мерзімін квартал аралық өтеумен үдемелі жиынмен жүзеге асыру. Маусымдық қорлардың ұлғаюы кезінде және берілетін қарыз шығындарының нақтылы және шартты мезгілдерге жедел міндеттемелермен дайындауға береді.

5. Мақсаттық несиелер. Банк қарапайым ссудалық шоттан береді. Олар бір жолғы сипат алады және нақты шаруашылық қызмет көрсетеді.

Мақсаттық ссуданың қарыз алушылары болып, мекемелер болуы мүмкін, олардың осы банкте есептік шоты болмауы тиіс. Көбінесе несиенің осы түрін алатындар коммерциялық құрылымдар: АҚ, ЖШҚ, ЖШС және басқалары. Несие алу үшін клиент технико-экономикалық негіздеуді ұсынады, ол жобаланған шаруашылық келісімінің тиімділігін, ал қажетті жағдайда тасымалдаушы мен сатып алушылармен келісім-шартын мақұлдайды. Негіздеуде несиеледе қажеттілік есеп-қисаптары (ие болушы құндылықтардың соммасы, көлемі, бағасы) және несиені өтеудің көзі болу керек (жүзеге асырудан түскен пайда). Несие жедел міндеттемемен рәсімделеді, ал оның өтелуі, несиелік келісім-шартта анықталған мезгілдерде жүзеге асады.

6. Жеке тұлғаларға арналған ұзақ мерзімді ссуда. Ұзақ мерзімді ссудалар келесі түрлерге бөлінеді: бақ үйлері мен бақ учаскелерінің құрылысына; күрделі жөндеу және ауылдық үй сатып алуға; пәтер сатып алуға, ірі қара мал сатып алуға; қора-қопсылық құрулардың құрылысына.

7. Ипотекалық несиеле – бұл клиенттің мүлікті кепілге қойып несиеле алуы - пәтерлердің, үйлердің, жауап берулердің, жер алаңы учаскелерінің, гараждардың, және т.б.

Құрылыс несиеленуі несиелік сызық ашу арқылы жүзеге асады, осы ссуда қарыз алушыға құрылыс-монтаж жұмыстарының аяқталған кезеңдері лайықты бөліп береді. Банктің құрылыс кестесіне сәйкес, ақшалай құралдармен жұмыстарды авансылау жолымен қарыландыру құқығы бар.

Құрылысты қаржыландыру барысында банк құрылыс графигінің бағасын қадағалау, ақшалай құралдарды мақсатты таратуды бақылау жұмыс кезеңдерін тексереді.

8. Қысқа мерзімді ссудалар. Талдауға қарағанда, қазіргі шарттарда қысқа мерзімді несиелерді құнды қағаздар кепілдігіне және шұғыл мұқтаждықтарға тарағанын көреміз.

Құнды қағаздар кепілдігіне берілетін несиеле, облигациялар кепілділігіне, акциялар және басқа құнды қағаздардың мекеме арқылы іске асырылуы және қор биржаларында айналымда болады. Несиеле құнды қағаздардың 50% бағасынан аспайтын 6 ай мерзімге беріледі. Қарыз алушы банкке несиеле соммасынан бір жылдық пайызын төлеп тастауы керек. Қарыз алушыға уақытша қаржылық қиыншылықтар пайда болған жағдайда, банк оның арызымен оған 6 айға ссуда бере алады.

Кепілге берілген құнды қағаздар банкпен сақтауға алынады. Оны қарыз алушыға қайтару, ссуда бойынша қарыз түгел өтелгеннен кейін орындалады.

Егер қарыз алушы ссуданы уақытында өтемесе, онда банктің кепілдегі құнды қағаздарды жүзеге асырудың құқығы бар болады.

Несиеу процессі көптеген және әр алуан қауіп (риск) факторларымен байланысты, олар бекітілген мерзімде несиені өтемеуі де мүмкін. Сондықтан ссуданы беру үшін банк несиені өтеу қабілеттілігін зерттейді, яғни өтемеуге апарып соғатын факторларды зерттейді.

Төлеу қабілеттілігі - бұл кәсіпорында барлық қысқа мерзімді міндеттермен және бір уақытта өндіріс процессі және өнімді жүзеге асыруға жеткілікті құралдар.

Несие қабілеттілігін бағалауда банктің қолданатын әдісі әр түрлі, бірақ олардың барлығы белгілі бір қаржылық коэффициент жүйесін құрайды:

- 1) абсолютті өтімді коэффициенті;
- 2) аралық жабу коэффициенті;
- 3) жалпы жабу коэффициенті;
- 4) тәуелсіздік коэффициенті.

Өтемдеу кезінде клиенттің өзінің міндетін өтеуін түсінеміз. Жабу және өтемдеу коэффициенті қарыз алушының балансының активінің ақшалай құралға пассив бойынша міндетін өтеуге айналуын сипаттайды.

Қысқа мерзімді актив пен қысқа мерзімді пассивті салыстыру, абсолютті өтімділікті сипаттайды, яғни қарыз алушының шапшаң шарушылық айналымынан ақшалай қаражаттын қарызын өтеуге ала алатынын сипаттайды. Нормативті мағынасы > 1 болу керек.

$$K_{\text{л}} = \frac{ДС + КФЛ}{O_{\text{кк}}} \quad (1)$$

мұнда $K_{\text{л}}$ – абсолютті өтімді коэффициенті;

ДС – ақшалай құралдар;

КФЛ – қысқа мерзімді қаржылық міндеттер;

$O_{\text{кк}}$ - қысқа мерзімді міндеттер.

Аралық жабу коэффициенті кәсіпорынның белгіленген уақытта қарыздық міндетін төлей алатынын көрсетеді. Жеткілікті критерий $-0,7-0,8$ диапазонында, мына формуламен есептеледі:

$$K_{\text{пл}} = \frac{ДС + КФЛ + ДЗ}{O_{\text{кк}}} \quad (2)$$

мұнда $K_{\text{пл}}$ – аралық өтімді коэффициенті;

ДЗ – дебиторлық қарыз.

Жалпы жабу коэффициенті қысқа мерзімді міндеттердің өтелуіне қаражаттың жеткіліктілігін анықтауға мүмкіндік береді.

$$K_{\text{п}} = \frac{ДС + КФЛ + ДЗ + ЗЗ}{O_{\text{кк}}} \quad (3)$$

мұнда $K_{\text{п}}$ – жабу коэффициенті;

ЗЗ – қорлар мен шығындар.

Берілген коэффициент клиенттің несиелеу шегін бағалуға қолданылады. Егер K_n 1-ден кіші болса, онда ссуданы беруді тоқтату керек немесе кепілдемені талап ету керек.

Қаржылай тәуелсіздік коэффициенті кәсіпорынның өзіндік қызметін орындауға өз құралдарымен қамтамасыз етілгенін сипаттайды.

$$K_n = \frac{\text{Собственные средства}}{\text{Итог баланса}} * 100\% \quad (4)$$

50-60% деңгейінде инвестор мен кредитор алдында жеткілікті- тұрақты қаржылық жағдайын қамтамасыз ететін оптималды мағына.

Несие қабілеттілігін анықтауға басқа да көрсеткіштерді қолдануға болады: активті іс коэффициенті, қаржылай тұрақты коэффициент, рентабельдік коэффициент және т.б.

Бақылау сұрақтары:

1. Банктің негізгі анықтамасын беріңіз?
2. Банктің негізгі қызметі қандай?
3. Қазақстанның банктік жүйесінде несиенің көптеген түрлері бар. Олар қандай белгілермен ажыратылады?
4. Несие функциялары қандай?
5. Несие принциптері қандай?
6. Несиелеу қандай әдістері болады?

6 тақырып. Коммерциялық банктердің инвестициялық қызметі

Мақсаты: Коммерциялық банктердің инвестициялық қызметін қарастыру

Жоспар:

1. Инвестиция түсінігі
2. Инвестициялау үрдісі

1. Инвестиция түсінігі

Инвестиция түсінігі мемлекет ішіндегі және шет елдегі экономика саласына капитал салуды білдіреді. ҚР инвестициондық қызметі туралы заңына сәйкес ***инвестиция*** барлық қаржылық және материалдық құралдар салымдарын, сонымен қатар кәсіпорын объектілеріне және басқа да қызмет объектілеріне пайда алу мақсатымен салынған мүліктік құқықтар мен интеллектуалдық құндылықтарды, сонымен бірге әлеуметтік, экономикалық, экологиялық және ғылыми-техникалық әсерлерді білдіреді.

Инвестицияның классификациясы басқарудың мақсатымен және есебімен анықталатын әртүрлі негіздеулер бойынша жүргізіледі. Әдебиетте көп таратылғандар классификациялар келесідей:

1. Салымдар объектісі бойынша: нақты және қаржылық инвестициялар. Нақты инвестиция кез-келген экономика немесе кәсіпорын саласына капитал салуды білдіреді. Қаржылық инвестиция акцияға, облигацияға және басқа да құнды қағаздарға құралдарды салуды білдіреді. Олар тікелей (құқығының орнына кәсіпорынның жарғы фондына салымдар) және портфельді (құнды қағаздар портфелі түрінде қалыптасқан құнды қағаздарға, сонымен қатар фонд нарығындағы басқа да қаржылық активтерге құралдар салу) болып бөлінеді.
2. Субъектілердің инвестициялануға қатысу мінезі бойынша: тікелей және тікелей емес. Тікелей инвестиция инвесторлардың өздері, әртүрлі объектілерге құралдарды салуды білдіреді. Тікелей емес инвестиция құралдарды басқа адамдар инвестициялайды: инвестициондық немесе қаржылық делдалдармен.
3. Инвестициялау кезеңдері бойынша ұзақ мерзімді (бір жылға дейінгі мерзімде) және қысқа мерзімді (бір жылдан көп мерзімде) болып бөлінеді.
4. Ұлттық-территориалдық белгі бойынша сыртқы (шетелдік) және ішкі (ұлттық) инвестиция болып бөлінеді.
5. Жеке меншік формасы бойынша ерекшеленеді: жеке, мемлекеттік, аралық, шетелдік және біріккен инвестиция.
6. Инвестициялау мақсаты бойынша: кәсіпкерлік және кәсіпкерлік емес.

Инвестициялау мақсаты әртүрлі болуы мүмкін: техниканы, құрал-жабдықтарды және жерді алу; кәсіптік және кәсіптік емес объектілерді салу; құнды қағаздарды, акцияларды, облигацияларды және тағы басқаларды алу; өндірістік дәрежені және кәсіптік мамандандыруды жоғарылату; белгілі-бір

өнімді өндіру үшін немесе қызмет көрсету үшін лицензия мен патентті алу; қаржылық құралды белгілі бір пайызға банктік депозитке салу; негізгі құралдардың және басқалардың шығып кетуін қалпына келтіру.

2. Инвестициялау үрдісі

Инвестициялық қызметтің қатысушылары ретінде жеке және заңды, соның ішінде шет елдік тұлғалар, сонымен қатар мемлекеттер бола алады.

Банктердің инвестициялық саясаты болып, инвестициялық портфельді басқару бойынша стратегияны ойластыру және жасап шығаруға бағытталған іс-шаралардың бірігуі, дұрыс қызметті қамтамасыз ету, операциялардың пайдасын ұлғайту, баланстың өтімділігінің және тәуекелділігінің жіберілуі деңгейін қолдау мақсатында тікелей және портфельді инвестициялардың сәйкестендірілуінің тиімділігіне қол жеткізу болып табылады. Ол банк басшылығымен жасап шығарылады. Инвестициондық саясаттың маңызды элементі – оның басқа да элементтерімен қатар инвестициялық портфельді қосатын банктің ақшалық-қаржылық портфелін басқару тактикасын және стратегиясын жасап шығару.

Инвестициялық портфель – банкпен алынған және шеттегі заңды тұлғалардың құнды қағаздарға салынған құрал жиынтығы, сонымен қатар басқа банкілер мен несие – қаржылық мекемелердің жедел жинақ түрінде салынған, шетел валютасында және шетел құнды қағаздарына салулар. Инвестициялық портфельдің құрылымын анықтаудың білгілері болып, операцияның пайдалылығы мен тәуекелділігі (рискованность), баланстың ликвидтілігі мен активтердің диверсификациясын жөнге келтіруі болып табылады.

Инвестициялық саясаттың негізгі мазмұнын нақты уақыт жиілігіне инвестициялық портфельдің құрылымын ықшамдау, құралдарды салу үшін жарамды құнды қағаздар шеңберін анықтау болып табылады.

Инвестициялық жоба ретінде инвестірлеу объектісін меңгеру, жасау немесе сатып алу, оның мақсатының түсіндірілуімен және инвестициялауға көрнекілігі, сонымен қатар тәжірибеде қолданылатындығын түсінуге болады.

Инвестициялық жобаға қойылатын негізгі талап, бастапқы салынған қаржыны келіп түскен пайдамен өтеу, белгіленген мерзім ішінде өзін - өзі өтеуді қамтамасыз ету және қалаған деңгейге дейін рентабелділігін көтеру болып табылады. Содан кейін, оның тәуекелділік деңгейіне, экономикалық, бюджеттік эффектілігі және тағы басқа критерилеріне баға береді.

Инвестицияны қабылдау кезіндегі негізгі уақыт капитал салудың нәтижелілігінің бағасы болып табылады. Бағаның нәтижелілігін анықтау әдісін екі топқа бөлуге болады:

1 Статистикалық (тіркеу): өзін - өзі өтеу мерзімі, пайданың тіркеу нормасы.

2 Динамикалық (дисконттық) уақыт факторын есепке алуға мүмкіндік береді: NPV, IRR, PI.

Жобалық ақша ағымының жобасы, бағалау көзқарысы бойынша, *ағымдағы таза құны* дұрысырақ болып табылады – бұл инвестицияның бастапқы

шығындар көлемі және жобаланған мерзім ішінде жобаны жүзеге асырудың жалпы дисконтталған таза құны.

$$NPV = PV - I_0 = \sum_{t=1}^n \frac{CF_t}{(1+r)^t} - I_0 \quad (5)$$

мұндағы:

NPV – ағымдағы таза құн;

PV – жобалық ақшалық ағымның ағымдағы құны;

I_0 - бастапқы инвестициялық шығын;

CF_t - t уақыт периодындағы таза ақшалық ағым;

r - проектілік дисконтты қойылым;

n - инвестициялық жоба жұмысының жобаланған уақыты.

Егер ағымдағы таза құнның төлемінің белгісі дұрыс болса ($NPV < 0$), онда, бұл жоба өзінің экономикалық өмірінде бастапқы шығындарды өтейтінін, келіп түскен пайда және резерв NPV - ға теңдігін білдіреді.

Берілген кері мән пайданың болмайтынын және оның табыс әкелмейтіндігін көрсетеді. $NPV = 0$ жоба тең болған жағдайда, туындатылған шығындар тек қана орнын жабады, бірақ табыс әкелмейді.

Рентабелділік көрсеткіш (PI) бастапқы шығындардың бірлігіне қазіргі ағымдағы ақша мөлшерінің қанша бірлігі кететінін анықтайды.

$$PI = \sum_{t=0}^n \frac{CF_t}{(1+r)^t} \div \sum_{t=0}^n \frac{I_t}{(1+r)^t}; \quad (6)$$

мағынасы $PI > 1$.

Егер $PI < 1$ болса, онда жоба шығынды, ал $PI = 0$ онда жоба пайдалы да емес, зиянды да емес.

Берілген көрсеткіш, NPV максималды қосылған инвестицияның бірдей мәнінің альтернативті жобаны таңдауда ең көп таралған және ыңғайлы көрсеткіш болып табылады.

Табыстылық ішкі нормасы – ағымдағы қаржының бағасын бастапқы инвестициялық шығындарды бірдей ететін пайыздық ұтыс, яғни банкіге арналған шығынсыз инвестициялық жобаға, құралдарды салуға максималды ыңғайлы пайызды ұтыс қабылдауға болатынын анықтайды.

Жалпы жағдайда IRR мөлшері жоғарырақ болса, онда инвестициялардың нәтижелілігі көбірек болады. Тәжірибеде IRR мөлшері r дисконттының берілген нормасымен салыстырылады. Егер $IRR > r$ болса, онда проект дұрыс NPV - да және IRR- да r ге тең пайда әкеледі. Егер $IRR < r$ болса, онда шығын табыстардың шамасынан асады және жоба зиянды болып келеді

Интерполяция әдісімен шамалау мағынасын алуға болады. $NPV = f[r] = 0$ болған жағдайда $IRR = r$

$$NPV = \sum_{t=1}^n \frac{CF_t}{(1+IRR)^t} - I_0 \quad (7)$$

Осы көрсеткіштің артықшылықтары: уақыт пен құнды, қаржылық салымдарды есепке алу, менеджерге түсінудің жеңілдігі, пайызды ұтыстың шекті мәнін және өзін - өзі өтеу мерзімін көрсетуі. Мұнда дисконтық қойылымдардың жобалық мөлшерін анықтаудың қажеттілігі жоқ. Жетіспеушіліктерге: бірін-бірі жоққа шығаратын жобалардың ранжирлеу қателігі жатады.

Өзін - өзі өтеу – ол белгілі бір уақыт ішінде ағымдағы таза қаржыдан инвестициялық шығындарды төлеу мерзімі болып табылады

$$PB = \frac{CK + 3K}{(P - r * 3K) * (1 - tax)}; \quad (8)$$

Мұндағы P – салық төлеу алдындағы жобаның кірісі және төлемі %;

CK – өзінің тартылған меншікті капитал мөлшері;

$3K$ – тартылған несиелік капитал мөлшері;

r – жобалық дисконтық қойылым;

tax – салық қойылымы;

Инвесторлармен анықталған уақыт нормасы бойынша аз уақыт ішінде өзін - өзі өтейтін жоба қабылданады, ал өзін - өзі өтеу мерзімі көп болса қабылданбайды. Бірнеше бірін-бірі жоққа шығару жобалардың ішінен аз уақыт ішінде өзін - өзі өтейтін жобаны қабылдайды

Рентабелділіктің тіркеу нормасы (ARR) – орташа аналогтан кейін пайданың орташа тіркеу инвестицияларына қатысы.

$$ARR = \frac{\sum_{t=1}^n P_t^N}{n} \div \frac{I_0 + \left(I_0 - \sum_{t=1}^n D_t \right)}{2}; \quad (9)$$

Мұндағы P_t – t жылындағы салықтан кейінгі жылдық пайдасы;

D_t – t жылындағы амортизациялық есептеп шығару.

Кәсіпорынның бұрыннан қол жеткізген өндіріс - қаражаттық қызметінің нәтижелерін ұлғайтатын және банктің инвестициялық саясатында көрсетілген талаптарға сәйкес жобаларды мақұлдайды. Яғни жобаның рентабелділік тіркеу нормасы нормативті көрсеткіштен көбірек болса қабылданады, ал рентабелділікпен қайтарылады.

Қарастырылып жатқан барлық жобалардың нәтижелерінің бағасы бір бірімен тығыз байланыста болады және оның нәтижелігін барлық жақтан бағалауға мүмкүндік береді. Сондықтан кәсіпорын нақты инвестициялық жобаларының нәтижелерін бағалауы, бағалау кезінде оларды топтастырып қарастыру керек.

Нарықтық экономикада инвестірлеу мүмкіншіліктері көп. Сонымен қатар - кәсіпорындарда инвестірлеуге арналған шек қойылған қаражаттық қорлар болады. Сондықтан инвестірлеу портфельін ықшамдау мақсаты болады.

Инвестициялық қызмет анықталмағандылық шарттарында әрқашан жүзеге асады, оның дәрежесі түрлене алады. Инвестициялық жобалармен шешімдерді қабылдау әртүрлі факторлармен байланысты болады: инвестициялардың түрі, инвестициялық жобалардың құны, қолайлы жобалардың көптігі, қаражаттық қорлардың шектелгендігі, инвестициялауға арналған, тәуекел, кәсіпорынның осы немесе басқа шешімін қабылдау. Құралдардың көп бағыттарының бірін таңдап алу үшін, оның ішіндегі ең тиімдісін таңдап алып, оған талдау өткізу керек.

Қаражаттық операциялардан нәтиже алу мүмкіншілігі жоспарлардағы оның тәуекелділік дәрежесіне мінездеме береді: дисконттық нормамен түзету әдісі; анықтық коэффициенттерінің әдісі; нәтижелілік белгілерінің сезгіштік талдауы; сценарийлердың әдісі; Монте - Карло әдісі.

Бақылау сұрақтары:

1. Инвестиция дегеніміз не?
2. Инвестициялаудың мақсаты қандай?
3. Инвестицияның қандай түрлері болады?
4. Инвестициялық қызметтің қатысушыларына кім кіреді?
5. Инвестициялық портфель дегеніміз не?
6. Рентабелділіктің тіркеу нормасы дегеніміз не?

ЗЕРТХАНАЛЫҚ ПРАКТИКУМ

№1 Зертханалық жұмыс

Кірістірілген функцияларды қолданудың ақпараттық технологиялары

Берілгендерді талдаудың ақпараттық технологиялары, енгізілген жүйелер базасында мүлікті амортизациялау мысалында қарастырылған. Кез-келген мүліктің (негізгі құралдар, материалдық емес активтер, бағалы емес және тез қажылатын заттар) бастапқы бағасы бар, олар белгілі бір уақытта сатылады, олардың амортизацияның кірісі дұрыс болу үшін олар тіркеуге тұруы қажет. Мүліктің бағасы берілген нормативті уақыт арасында амортизацияланады және оның пайдаланылуы мен бастапқы бағасын қайта қалпына келтірілуі, белгілі-бір алгоритмге тән.

Амортизация (тозу) құнын есептейтін кірістірілген функцияларын қарастырайық.

АПЛ функциясы

АПЛ функциясы әр тіркеу кезеңінде амортизация соммасын есептеуге арналған. Мүлікті пайдалану кезіндегі әр кезең соммасы тұрақты шама болып саналады. Есептеу кезінде, барлық тіркеу кезеңдерінде сызықтық (бірқалыпты) амортизациялау әдісі қолданылады. Нормативті уақыт аралығындағы мүлікті пайдалану соммасы, бастапқы және ликвидациондық айырым соммасына теңеледі.

АПЛ функциясының параметрлері:

- мүліктің бастапқы бағасы;
- мүліктің қалдық бағасы – амортизациялау кезеңінің соңындағы ликвидациондық бағасы (кез-келген болуы мүмкін, соның ішінде 0);
- мүліктің нормативті пайдалану уақыты – мүліктің барлық амортизациялану кезеңіндегі, тіркеу кезеңдерінің саны.

Тіркеу кезеңінің амортизация соммасын барлық объектілерге немесе жеке бір таңдалған объект үшін есептеуге болады. Бірінші жағдайда, бастапқы тізім (деректер базасы) Microsoft Excel берілгендер құрылымы бойынша өзгермейді, бірақ амортизация соммасын есептеу үшін объектілердің барлық параметрлерін автоматизацияландыруды қамтамасыз ету қажет. Екінші жағдайда, жұмыс кітабіндегі ақпарат көлемі өседі, бірақ сонымен бірге барлық есебінің нәтижесі беріледі.

НҚ (негізгі құралдардың) бөлек объектісіне АПЛ қолдану

Амортизация соммасын есептеу үшін қажетті инвентарлы нөмір тізімі бар өрістен таңдалады. Ол таңдалғаннан кейін, автоматты түрде басқа параметрлер шығарылады да, АПЛ функциисының есептелуі басталады.

Жұмыстың орындалуы:

1. Файл -> Создать командасынын көмегімен жана кітапты құру;
2. Файл -> Сохранить как командасынын көмегімен жана кітапты сақтап, Анализ. XLS деген ат беру.
3. Формат -> Лист -> Переименовать, Лист1 — НҚ команда көмегімен жаңа ат беру;
4. НҚ жұмыс парағында тізімді құру (ДБ) – яғни 2 кестені жасау;

1 кесте – Негізгі құралдар тізімі

НҚ инвентарлық нөмері	Атауы	Бастапқы бағасы	Жылдық амортизация нормасы	Сатып алынған күн	Тіркеуге тұрған күн	Қалдық бағасы
10010	ПК	17700	20,0%	30.09.99	01.10.99	0
20010	ПК	18700	20,0%	01.04.00	01.10.00	0
12000	ПК	2300000	10,0%	01.05.96	01.09.96	0
20001	Ғимарат	120000	1,0%	09.05.00	10.05.00	0
25001	Құрылым	125000	5,0%	01.04.00	01.06.00	0
56769	Машина	250000	10,0%	01.05.00	01.05.00	0

5. Вставка -> Имя -> Создать меню командасы арқылы «НҚ инвентарлық нөмері», «Атауы», «Бастапқы бағасы», «Жылдық амортизация нормасы», «Қалдық бағасы» бағандары үшін алдыңғы жолда белгіленген ұяшықтардың атымен бағандар блогын жасау керек.
6. Егер жана парақ қажет болса, онда Вставка -> Лист меню командасы арқылы жана парақты енгізуге болады.
7. Формат -> Лист -> Переименовать командасы арқылы жана парақтың атауын өзгертеміз, парақ- деген атау береміз.
8. АПЛ функциясынын параметрлерін АПЛ жұмыс парағында орналастыру (Сурет 1).

1.	НҚ инвентарлық нөмері
2.	Аталуы
3.	Бағасы
4.	Дәстүрлі бағасы
5.	Амортизация уақыты
6.	АПЛ

Сурет 1 – АПЛ функциясының параметрлері

9. Инвентарлы нөмір АПЛ функциясының параметрі үшін Данные -> Проверка командасы көмегімен керекті мәндерді таңдап, тізімі бар өрісті дайындау керек. Список – берілгендер типін көрсету, көзі -Инвентарлық нөмір блогі.

10. АПЛ функциясының параметрлері үшін есептеу формулаларын еңгізу, B1-ұяшықтың адресі, құрамында НҚ Инвентарлық нөмір параметрі бар:

- *Аталуы* – НҚ атауын шығару формуласы:

=ПРОСМОТР (B1; НҚ Инвентарлық нөмірі; Аталуы)

- *Құны* – НҚ бастапқы құнын шығару формуласы:

=ПРОСМОТР (B1; НҚ Инвентарлық нөмірі; Бастапқы бағасы)

- *Ликвидациондық бағасы* – НҚ қалдық бағасын шығаратын формула:

=ПРОСМОТР (B1; НҚ Инвентарлық нөмірі; Қалдық бағасы)

- *Уақыт* – НҚ толық амортизация кезеңінің ұзақтығын шығаратын формула :

=1/ПРОСМОТР (B1; ОС Инвентарлық нөмір; Амортизацияның жылдық нормасы)

11. Нәтиже ұяшығы үшін АПЛ формуласын еңгізу керек: =АПЛ(B3;B4;B5), B3 – «Баға» параметрі; B4 – «ликвидациондық баға» параметрі; B5 – «Уақыт» параметрі.

НҚ инвентарлық нөмірін таңдағанда автоматты түрде жылдық амортизация соммасы есептеледі.

АПЛ формулалар массиві

Формулалар массиві НҚ барлық инвентарлық объектілеріне формулаларды бір рет қана еңгізуге болатын мүмкіндік береді. Амортизация соммасы кестенің бөлек бағанындағы еңгізілген формуласының көмегімен есептеледі.

Жұмыстың орындалуы:

1. «НҚ» парағында «Негізгі құралдар» деген тізімге жана «Жылдық амортизация соммасы» атауы бар бағанды қосу.

2. «Жылдық амортизация соммасы» бағанында ұяшықтар блогын белгілеп, формулалар массивін еңгізу керек:

=АПЛ(Бастапқы_баға; Қалдық_баға; 1/Жылдық_амортизация_нормасы)

3. Формулалар массивін еңгізгеннен кейін Ctrl+Shift+Enter батырмаларын басу.

4. Файл ->Закрыть командасы көмегімен сақталынған файылды жабу.

АМОРУВ функциясы

АМОРУВ функциясы әр-бір тіркеу кезеңінің амортизация соммасының шамасын есептейді. Бұл сомма соңғы кезеңнен барлық басқа кезендерге тұрақты шама болып келеді. Соңғы тіркеу кезеңінің амортизация соммасы мүліктің 1 жылдағы пайдалануына пропорционалды болады. Ереже бойынша, толық амортизация соммасы мүліктің бастапқы және ликвидационды бағасының айырымына теңестірілмейді.

АМОРУВ функциясы келесі параметрлерді қолданады:

- мүліктің бастапқы бағасы;

- мүліктің сатып алынған күні (тіркеуге тұруы);

- 1-ші кезең – мүлікті пайдаланудың 1-ші тіркеу кезеңінің аяқталу күні;
- толық амортизациялау уақытының соңындағы мүліктің қалдық (ликвидационды) бағасы;
- жылдық амортизация нормасы, мүліктің нормативті пайдалану уақытына кері шама;
- базис – тіркеу жылының ұзақтығын есептеуге пайдаланатын әдіс (кесте 2);

Кесте 2 – Базис параметрлері

Базис	Күндер жүйесі
0	360 күн (NASD әдісі, АҚШ-та пайдалануға алынған)
1	Фактілік
3	1 жылда 365 күн
4	1 жылда 360 (Еуропалық әдіс)

АМОРУВ функциясының есептеу нәтижесі таңдалған базиске, сонымен қатар мәзірдегі Сервис ->Параметры командасындағы «Вычисления» бөлігіндегі «Система дат» параметрінің қойылуына байланысты. Егер «Система дат» — 1904 жылға қойылса, онда 01.01.2002 күніне -35795 саны тең болады. Егер мұндай орнату қойылмаса, 01.01.2002 күніне – 37257 саны тең.

Жұмыстың орындалуы:

1. Файл -> Открыть командасының көмегімен Анализ.xls жұмыс кітабын ашу;
2. «НҚ» бетінде «Тіркеуге тұрған күн» бағандары үшін атаулы ұяшықтар блогын жасау. Ұяшықтар блогын атауымен бірге белгілеп, жоғарыдағы 1 жолындағы мәтін бойынша Вставка-> Имя->Создать мәзір командасын орындау керек.
3. Қажет болса Вставка ->Лист мәзір командасы көмегімен жаңа бет жасап қойыңыз.
4. Жаңа парақты басқа атпен сақтау. Формат->Лист-> Переименовать лист — АМОРУВ.
5. «АМОРУВ» жұмыс парағында АМОРУВ функциясының параметрлерін және көмекші берілгендерді қою (2 сурет).

1	НҚ инвентарлық номері
2	Аты
3	Бағасы
4	Ликвидациондық бағасы
5	Алу күні
6	Бірінші кезең
7	Амортизация нормасы
8	Базис
9	Тіркеу кезеңі
10	АМОРУВ

2 сурет – АМОРУВ функциясының параметрлері

6. АМОУВ «Инвентарный номер» функциясының параметрі үшін Данные -> Проверка командасын орындаңыз. Указать тип данных — «Список», источник — блок «Инвентарный номер» менюінің командалары арқылы мәндер тізімімен өрісті дайындау.

7. АМОУВ функцияның қалған параметрлері үшін тіркеу формулаларын енгізу керек. В1- «НҚ инвентарлық номері» параметрі бар ұяшық адресі:

- *Наименование* — НҚ атауын шығару формуласы:

=ПРОСМОТР (В1; НҚ инвентарлық номері; Наименование)

- *Стоимость* — НҚ алғашқы бағасын шығару формуласы:

=ПРОСМОТР (В1; НҚ инвентарлық номері; Первоначальная стоимость)

- *Ликвидационная стоимость* — ОС қалған бағасын шығару формуласы:

=ПРОСМОТР (В1; НҚ инвентарлық номері; Остаточная стоимость)

- *Дата приобретения* — НҚ тіркеуге алған күнін шығару формуласы:

=ПРОСМОТР (В1; НҚ инвентарлық номері; Дата постановки на учет)

- *Первый период* — НҚ бірінші тіркеу кезеңін аяқтайтын уақытын шығару формуласы:

=КОНМЕСЯЦА (В5; 12-МЕСЯЦ(В5))

мұндағы В5 — «Дата приобретения» параметрі бар ұяшықтың адресі;

- *Норма амортизации* — НҚ үшін амортизация нормасын шығару формуласы:

=ПРОСМОТР(В1; НҚ инвентарлық номері; Годовая норма амортизации)

- *Базис* — Данные -> Проверка мәзірдің командаларын орындау, «Список» берілгендер типін анықтау, көзі— «0;1;3;4».

8. *Есептеу кезеңі* параметрі үшін берілгендер жол бойынша толтырылады.

Жолдағы ұяшықтарды белгілеп, Правка-> Заполнить-> Прогрессия мәзір командасын орыдап, прогрессияның «Арифметическая» типін көрсету, кадам 1, жуық мәні – 10.

9. Нәтиже ұяшығы үшін келесі түрлі формуланы енгізу керек: =АМОУВ(\$B\$3;\$B\$5;\$B\$6;\$B\$4;В9;\$B\$7;В8)

10. Барлық тіркеу кезеңінің АМОУВ функциясын автоматты түрде есептеу үшін, формуласы бар ұяшықты белгілеп, көшірмесін жолдың ұяшықтарына қою керек.

Есептеу кезеңінің (В9 ұяшығы) параметрі үшін АМОУВ функциясының формуласына қатысты сілтеме қолданылады, өйткені формулаға тираждау қолданылғанда тіркеу кезеңі өзгереді. Тіркеу кезеңі нөмірі мүліктің толық амортизациясының кезеңдерінің номерінен асатын болса, АМОУВ функциясы 0 деген мәнді береді.

11. Файл -> Закреть мәзір командасы арқылы сақталынған жұмыс кітабын жабыңыз.

АМОУМ функциясы

Мүліктің әр-бір кезекті тіркеу кезеңінің амортизация соммасы, бірдей коэффициентке пропорционалды түрде азаяды – бұл тұрақты дегрессивті

амортизация. Соңғы тіркеу кезеңі үшін мүліктің амортизация соммасы 50%-ға өседі, ал соңғы тіркеу кезеңі үшін 100%-ға өседі. Ереже бойынша, толық амортизация соммасы, мүліктің бастапқы және ликвидационды бағасына теңелмейді. АМОРУМ функциясы АМОРУВ функциясы сияқты параметрлерді қолданады. АМОРУМ-ды есептеуде мүлікті пайдаланудың толық уақыты қолданылады.

Жұмыстың орындалуы:

1. Файл -> Открыть командасының көмегімен Анализ.xls жұмыс кітабын ашу;
2. АМОРУВ бетінде жана жолға формуланы енгізу:
=АМОРУМ(\$B\$3;\$B\$5;\$B\$6;\$B\$4;B9;\$B\$7;\$B\$8)
3. Барлық тіркеу кезеңдері үшін АМОРУМ функциясын есептеуге арналған жолда формулаларды орнату.
4. Файл ->Заккрыть мәзір командасы арқылы сақталынған жұмыс кітабын жабыңыз.

АСЧ функциясы

АСЧ функциясы барлық тіркеу кезеңдері үшін мүліктің амортизация соммасының бағасын есептейді, тіркеу кезеңі өскен сайын бірқалыпсыздық азаяды. Тіркеу кезеңінің амортизация соммасын есептейтін формула:

$$AMGM = \frac{(Первоначальная стоимость - Ликвидационная стоимость)}{Время эксплуатации} \times \frac{(Время эксплуатации - Период + 1) * 2}{(Время эксплуатации + 1)}$$

Келесі тіркеу кезеңінің i амортизация соммасын есептеуге арналған жеңілтілген нұскасы: $AMGD_i = AMP * k_i$.

АМР функциясының нәтижесіне байланысты, мүліктің тіркеу кезеңіндегі амортизация соммасы, тіркеу кезеңінің реттік (i) номеріне байланысты коэффициентке көбейтіледі. Сонымен қатар, бұл коэффициенттердің соммасы мүліктің пайдалану кезеңіне теңеледі.

$$\sum_i k_i = \frac{1}{Годовая норма амортизации}$$

Жұмыстың орындалуы:

1. Файл -> Открыть командасының көмегімен Анализ.xls жұмыс кітабын ашу;
2. АМОРУВ бетінде жана жолға формуланы енгізу:
=АСЧ(\$B\$3;\$B\$4; 1/\$B\$7;B9)
3. Барлық тіркеу кезеңдері үшін АСЧ функциясын есептеуге арналған жолда формулаларды орнату.
4. Файл ->Заккрыть мәзір командасы арқылы сақталынған жұмыс кітабын жабыңыз.

АМОРУВ, АМОРУМ және АСЧ функцияларын есептеуге арналған берілгендер 3 суретте көрсетілген:

1	НҚ инвентарлық номері	12000
2	Аты	ПК
3	Бағасы	2300000
4	Ликвидациондық бағасы	0
5	Алу күні	01 09 96
6	Бірінші кезең	31.12 96
7	Амортизация нормасы	0,1
8	Базис	1
9	Тіркеу кезеңі	1

Сурет 3 - АМОРУВ, АМОРУМ және АСЧ функцияларын есептеуге арналған берілгендер

АМОРУВ, АМОРУМ және АСЧ есептеу нәтижесінің салыстыруы 2 кестеде көрсетілген:

2 кесте - АМОРУВ, АМОРУМ және АСЧ есептеу нәтижелері

Есептеу кезеңі	АМОРУВ	АМОРУМ	АСЧ
1	230 000,00р	527 476,00р	418 181,82р
2	230 000,00р	395 607,00р	376 363 64р
3	230 000,00р	296 705,00р	334 545,45р
4	230 000,00р	222 529,00р	292 727,27р
5	230 000,00р	166 897,00р	250 909,09р
6	230 000,00р	125 173,00р	209 090,91р
7	230 000,00р	93 879,00р	167 272,73р
8	230 000,00р	140 819,00р	125 454,55р
9	230 000,00р	140819	83 636,36р
10	153 333,00р	0	41 818,18р
БАРЛЫҒЫ	2 223 333,00р	2 109 904,00р	2 300 000,00р

АСЧ және АМР функциясының салыстырылуы әр-бір тіркеу кезеңін есептеу жолымен жасалады.

- (АСЧ - АМР) – АСЧ және АМР функцияларының соммасының айырымы.
- (АСЧ/АМР) – АСЧ-нің АМР-ға қатынасы.

ДДОБ функциясы

ДДОБ функциясы кез-келген кезеңнің амортизация соммасын есептейді. Есеп келесі әдіспен жүргізіледі: мүліктің қалдық бағасының төмендеу кезіңіндегі амортизация процентінің көбейюі келесі формуламен есептеледі:

$$\text{ДДОБ} = ((\text{Первоначальная стоимость} - \text{Ликвидационная стоимость}) - \text{Сумма амортизации накопленная}) * \frac{\text{Коэффициент}}{\text{Время эксплуатации}}.$$

Белгіленген тіркеу кезеңнің амортизация соммасын есептеу үшін жиналған амортизация соммасы пайдаланылады.

Жұмыстың орындалуы:

1. Файл -> Открыть командасының көмегімен Анализ.xls жұмыс кітабін ашу;
2. Егер жана парақ қажет болса, онда Вставка -> Лист. Меню командасы арқылы жана парақты енгізуге болады.
3. Жаңа парақты басқа атпен сақтау. Формат->Лист-> Переименовать, команда арқылы, парақ — ДДОБ.
4. «ДДОБ» жұмыс парағында ДДОБ және ПДОБ функцияларының параметрлерін және көмекші берілгендерді қою.

1	НҚ инвентарлық номері
2	Аты
3	Бағасы
4	Ликвидациондық бағасы
5	Амортизация нормасы
6	Коэффициент
7	Есептеу кезеңі
8	Жана қосылымсыз

5. ДДОБ «Инвентарный номер» функциясының параметрі үшін Данные -> Проверка. Указать тип данных — «Список», көз — «Инвентарный номер» блогі.

6. ДДОБ функцияның қалған параметрлері үшін тркеу формулаларын енгізу керек. В1- «НҚ Инвентарный номері» параметрі бар, ұяшық адресі:

- *Атауы* — НҚ атауын шығару формуласы:

=ПРОСМОТР (В1; НҚ Инвентарный номері; Атауы)

- *Бағасы* — НҚ алғашқы бағасын шығару формуласы:

=ПРОСМОТР (В1; НҚ Инвентарный номері; бастапқы бағасы)

- *Ликвидациондық бағасы* — НҚ қалған бағасын шығару формуласы:

=ПРОСМОТР (В1; НҚ Инвентарный номері; Қалдық бағасы)

- *Амортизация нормасы*—НҚ үшін амортизация нормасын шығару формуласы:

=ПРОСМОТР(В1; Инвентарлық_номер_ОС; Жылдық амортизация норасы;)

- *Коэффициент* — Данные -> Проверка мәзірінің командалары арқылы тізіммен өрісті дайындау , «Список» берілгендер типін анықтау, көзі— «0;1;1;5;2;5;3;».

- *Есептеу кезеңі* - берілгендерді жолмен толтыру керек. Бірінші мән-1, жолдың ұяшықтарын белгілеу, Правка -> Заполнить -> Прогрессия мәзір командасы, типі – «Арифметикалық», кадам 1, шекті мәні — 100.

- *Күтпегенсіздіктерден* — Данные -> Проверка мәзірдің командалары арқылы мәндері бар тізіммен өрісті дайындау , «Список» берілгендер типін анықтау, көзі— «0;1;».

7. Нәтиже ұяшығы үшін келесі түрдегі формуланы еңгізу керек:

$$= \text{ДДОБ} (\$B\$3;\$B\$4; 1/\$B\$5;B7;B6)$$

8. Барлық тіркеу кезеңінің ДДОБ функциясын автоматты түрде есептеу үшін, формуласы бар ұяшықты белгілеп, көшірмесін жолдың ұяшықтарына қою керек.

9. Файл -> Закреть мәзір командасы арқылы сақталынған жұмыс кітабын жабыңыз.

ПУО функциясы

ПУО функциясы берілген тіркеу кезеңінің интервалында амортизация соммасын есептейді. Есеп келесі әдіспен жүргізіледі: мүліктің қалдық бағасының төмендету кезіндегі амортизациясы 2-лік процентті қолданады.

- 1- егер бірқалыпты амортизация есебі қосылмаса, сонымен қатар амортизация кемитін қалдықтың есебінен асатын болса.

- 0 – кері амалда.

Жұмыстың орындалуы:

1. Файл -> Открыть командасының көмегімен Анализ.xls жұмыс кітабын ашу;

2. ДДОБ бетіне жиналған амортизация соммасын есептеуге арналған жана жолдағы формуласын қосу керек, мүліктің пайдалану күнінен бастап:

$$= \text{ПУО} (\$B\$3;\$B\$4; 1/\$B\$5;0;B7; \$B\$6;\$B\$8)$$

3. Барлық тіркеу кезеңінің ПУО функциясын автоматты түрде есептеу үшін, формуласы бар ұяшықты белгілеп, көшірмесін жолдың ұяшқтарына қою керек.

4. ДДОБ және ПУО функцияларын салытыру үшін бастапқы берілгендері бар 5 кестені толтыру керек:

3 кесте - ДДОБ және ПУО функцияларын салытыру үшін бастапқы берілгендері

НҚ Инвентарлық номері	12000
Аты	ПК
Бағасы	2300000
Ликвидациондық бағасы	0
Амортизация нормасы	0,1
Коэффициент	2

Есептеу кезеңі	1
Жана қосылымсыз	1

5. Коэффициент және Жана қосылымсыз ұяшықтарының әртүрлі мәндеріне сәйкес ДДОБ және ПУО функцияларын есептеу қажет.

6. Жаңа жолда, екі біріктірілген кезең үшін, ПУО функциясының айырымын есептеу керек және есептеу шарттарын сақтай отырып, сол кезең үшін ДДОБ функциясының мәндерін салыстыру керек:

$$\text{ДДОБ}_n = \text{ПУО}_{n+1} - \text{ПУО}_n$$

7. ПУО және ДДОБ функцияларының графикалық нәтижесін көрсету.

8. Файл ->Закреть мәзір командасы арқылы сақталынған жұмыс кітабын жабыңыз.

Параметрлерді жинақтап алудың ақпараттық технологиясы

Менюдің Сервис->Подбор параметра командасы, берілген мәндер функциясының аргументінің есептеуін қамтамасыз етеді. Итерацияның шекті саны мен жинақтап алудың мәні Параметры терезесінің Вычисления бөлігінде қойылады, ол Сервис->Параметры командасы арқылы ашылады.

Параметрді жинақтап алу, параметрлер моделінде зерттеудің негізгі әдісі бола алатын мәндердің ауданы болады. Егер функционалда бірнеше параметр болса, бұл талдау әр параметр үшін тізбектей орындалады, сонымен қатар функцияның берілетін мәні өзгеріссіз қалады. Жинақтап алудың соңында, алынған нәтижелерді салыстыруға болады. Мысалы, амортизация кезеңінің саны теріс мән болып шықса немесе процент ставкасы берілген ставкадан көп болса.

Параметрдің жинақтап алуының ақпараттық технологиясы несие мен қарыздарды есептеу мысалында қарастырылады. Есептеу, күрделі процент ставкасы арқылы келесі формула негізінде жүргізіледі:

$$pmt * \frac{(1+r)^h}{r} (1+r * type) + pv * (1+r)^h + fv = 0$$

мұнда pmt — периодтық төлеу соммасы;

r — бір оқу периодының проценттік ставкасы;

$type$ — төлем типі: 1 — басында, 0 — тіркеу кезеңінің соңында;

n — қарастырылатын тіркеу кезеңдерінің саны;

pv - «қазіргі» салым құны;

fv — «келешек» салым құны.

pmt және r өлшемдері, $type$ төлем схемасы негізінде, n келісімшарт мерзімі өтпей, өзгеріссіз болып қалады. Санау кезінде кезең ұзақтығы тіркеледі — ай, квартал, жартыжыл, жыл. Анықталған кезеңге, өзінің пайыздық ставкасы белгіленеді. Егер пайыздық ставка бір жылға берілсе, ал тіркеу периоды жылдың бөлігіне берілсе, онда есептеу кезінде жылдық пайыздық ставкаға пропорционалдық өлшем қолданылады. Қаржылық функцияның ақша

айналымындағы айналым бағыты өте маңызды болып келеді: "бізге" — плюс таңбасымен, "бізден" — минус таңбасымен белгіленеді.

Microsoft Excel-де «Қаржылық» категориясының бір-бірімен байланысты кірістірілген функциялары бар:

- БЗ — fv өсірілген капитал сомасын төлеу, егер pmt , r , n , $type$, pv параметрлері өзгермесе.
- ПС — келешектегі құнның бірнеше тізбектелген төлемдері, қазіргі кезде эквивалентті төлеу — pv өлшемі, бұл мән оң болады, егер pmt , r , n , $type$, fv параметрлері өзгермесе.
- КПЕР — n период саны, pv шығу соммасы fv өлшеміне жеткенше, егер pmt , r , $type$ параметрлері өзгеріссіз болса.
- НОРМА — r ставкасының процент өлшемі, бұл кездегі берілетін сомма pv fv өлшеміне жетеді, егер pmt , n , $type$ параметрлері өзгермесе.
- ПЛТ — pmt өлшемі, pv соммасын fv өлшеміне дейін ұлғайтын қамтамасыз етеді, егер r , n , $type$ параметрлері өзгермесе.

ПЛТ функциясы pmt төлемінің периодтық сомасын есептейді.

- ОСПЛТ — есептік кезеңдегі салымдар соммасы (қарызды жабу);
- ПРПЛТ — есептік кезеңдегі проценттер (кіріс немесе төлемге).

Сонымен қатар pmt өлшемі n мерзімінде өзгеріссіз қалады, ал басқа есептік кезеңдер үшін ОСПЛТ және ПРПЛТ құрайтын қатынас өзгереді:

$ПЛТ = ОСПЛТ + ПРПЛТ$

Мысал 1. Депозиттік салымдардағы жиналған сомманы есептеу керек, егер бастапқы жарна 1000 с. болса, әр айдың соңында 100 с. салынса. Төлемдер 3 жылға 18% ставка шартымен болатын болса.

Жасалатын командалар тізбегі.

1. Анализ.xls жұмыс кітапшасын Файл->Открыть менюінің көмегімен ашу.
2. Егер жаңа парақ қажет болса, келесі командаларды орындау Вставка->Лист
3. Жаңа парақтың атауын келесі командалар көмегімен өзгерту Формат->Лист->Переименовать, парақ — Анализ.
4. Функция үшін келесі параметрлерді енгізу (сурет 4):

1	Норма
2	Периодтар саны
3	Төлемдер
4	НЗ
5	Тип
6	БЗ

Сурет 4 – Параметрлер

5. B1:B5 ұяшықтарына бастапқы мәндерді енгізу.
6. БЗ функциясын келесі формула бойынша есептеу:
 $=БЗ(B1/12; B2*12; B3; B4 B5)$.
 Нәтиже — 6 436,74 с.

7. Файлды келесі командалар көмегімен жабу Файл->Закреть.

Мысал 2. Шоттағы сомма 10 000 с. дейін өсу үшін қанша уақыт қажет, пайыздық ставка, шарттары және ай сайынғы төлемдер сақталады.

Жасалатын командалар тізбегі.

1. Анализ.xls жұмыс кітапшасын Файл->Открыть менюінің көмегімен ашу.
2. Анализ парағында курсорды формуласы бар В3 (В6 ұяшық) ұяшығына орналастыру.
3. Келесі команданы орындау Сервис->Подбор параметра.
4. Параметрлерді таңдау үшін функцияның мәндерін еңгізу — 10000, мәндері таңдалатын ұяшық адресіне — \$B\$2, ОК батырмасын басу.

Параметрлерді таңдау нәтижесі — 4,346 жыл.

1. Есептеу нәтижесін КПЕР функциясының көмегімен есептеу.
2. Есептеу шарттарын қалпына келтіру.
3. Файлды келесі командалар көмегімен жабу Файл -> Закреть.

Мысал 3. Шоттағы сомма 10 000 с. дейін өсу үшін 3 жыл мерзімдегі әр ай сайынғы төлемдер қандай болу керек екенін есепетеу қажет, пайыздық ставка шарттары сақталады.

Жасалатын командалар тізбегі:

1. Анализ.xls жұмыс кітапшасын Файл->Открыть менюінің көмегімен ашу.
2. Анализ. парағында курсорды формуласы бар В3 (В6 ұяшық) ұяшығына орналастыру.
3. Келесі команданы орындау Сервис->Подбор параметра.
4. Параметрлерді таңдау үшін функцияның мәндерін енгізу — 10000, мәндері таңдалатын ұяшық адресіне — \$B\$3, ОК батырмасын басу.
5. Параметрлерді таңдау нәтижесі — 175,37, ППЛАТ функциясының нәтижесіне тең.
6. Есептеу нәтижесін ППЛАТ функциясының көмегімен есептеу.
7. Есептеу шарттарын қалпына келтіру.
8. Файлды келесі командалар көмегімен жабу Файл -> Закреть.

Мысал 4 . Шоттағы сомма 10 000 с. дейін өсу үшін 3 жыл мерзімдегі пайыздық ставка қандай болу керек, ай сайынғы төлемдер сақталады.

Жасалатын командалар тізбегі:

1. Анализ.xls жұмыс кітапшасын Файл->Открыть менюінің көмегімен ашу.
2. Анализ. парағында курсорды формуласы бар В3 (В6 ұяшық) ұяшығына орналастыру.
3. Келесі команданы орындау Сервис->Подбор параметра.
4. Параметрлерді таңдау үшін функцияның мәндерін енгізу — 10000, мәндері таңдалатын ұяшық адресіне — \$B\$1, ОК батырмасын басу. Параметрлерді таңдау нәтижесі: 40%. НОРМА функциясының нәтижесіне тең.
5. Есептеу нәтижесін НОРМА функциясының көмегімен есептеу.
6. Есептеу шарттарын қалпына келтіру.

7. Файлды келесі командалар көмегімен жабу Файл->Заккрыть.

Бақылау сұрақтары:

1. Модель және моделдену түсінігіне анықтама беріңіз.
2. Моделдеудің мақсаты не болып табылады?
3. Модел белгілері бойынша қандай екі класқа бөлінеді?
4. Детерминирленген модел нені ұсынады?
5. Индекс дегеніміз не? Анықтама беріңіз. Оның түрлерін атаңыз.
6. Microsoft Excel - де берілгендерді талдаудың стандартты технологиясына не қатысты?
7. АМР функциясы не үшін қолданылады?
8. АМОУВ функциясы не үшін қолданылады?
9. АСЧ, ДДОБ, ПУО мына функциялар не үшін қолданылады .
10. ПС, ПЛТ, ПРПЛТ, ОСПЛТ функцияларына мінездеме беріңіз.

№2 Зертханалық жұмыс

Инвестициялық жобалау. Инвестицияның нәтижелігін талдау.

Мысал 1. Фирма жаңа құралдарды сатып алу үшін ақша қаражатын жұмсағысы келеді, оның бағасы әкелу мен орнатып берумен бірге 100 000 теңгеге тең болады. Құралдарды енгізу 6 жыл ішінде 25000, 30000, 35000, 40000, 45000 және 50 000 теңгені құрайды және таза табыс әкелуін қамтамасыз етеді. Алынған дисконт нормасы 10% тең. Жобаның экономикалық нәтижелігін анықтау.

Бұл мысалға NPV көрсеткішін есептеп шығарамыз. Берілген төлемдер келуін кез келген үзіліссіз ұяшық блогына ЭК 1 суретте көрсетілгендей еңгізіңіз:

= ЧПС(B8; B2:B7)+B1 (Шешімі: 57302,37).

	A	B	C	D	E	F	G
1	$I_0 =$	-100000					
2		25000					
3		30000					
4		35000					
5		40000					
6		45000					
7		50000					
8	$r =$	10%					
9							
10	NPV=	57302,37					
11							
12							
13							

1 сурет - NPV көрсеткішінің есептелуі


Бұл функцияның практикалық қолданылуы төлем уақытында біркелкі таратумен шектелген. Берілген шектеуді басқа функция өтіп шығады, бұл - ЧИСТНЗ (ставка; төлемдер; күндер).

ЧИСТНЗ функциясы – өзінің тобында ең мықты болып келеді. Ол NPV көрсеткішін кез келген төлемдердің келуімен, кез келген уақыт мезетінде жүзеге асатынын анықтап алуға мүмкіндік береді. Оның техникалық қолданылуы алдыңғы ЧПС функциясына ұқсас. Ерекшелігі: бұл функцияда әрбір төлемге күн қойылады. Сонымен бірге, ЧПС функциясынан айырмашылығы, оның ЧИСТНЗ аналогы алғашқы инвестиция I_0 мөлшерін дұрыс есептейді және NPV көрсеткішін қосымша амалдарды қолданбай-ақ шешіп береді.

Мысал 1 шешу үшін жоғарыда қарастырылған функциялар арқылы электронды кесте құрайық.

Онай етіп қылу үшін, бұл жобаның төлемдері жылына 1 рет, 1 күнде қабылдансын. Құралдарды алған күні - 30.01.00.

2 суретте көрсетілгендей кесте дайындаңдар. ЧИСТНЗ (функцияны қою технологиясы) функциясы арқылы NPV (дәл) мәнін табамыз 57 098,07тнг. тең.



2 сурет - ЧИСТНЗ функциясы арқылы NPV есептеу

Тапсырма. Ақшаның келуі жүйелі түрде 6 жыл ішінде 50 000,00 теңгеден 25 000,00 теңгеге сол аралықпен азайсын. Дисконт нормасы 10% тең.

Ақшаның келуін 50000,00 теңгеден 25000,00 теңгеге кері ретпен сұрыптайық. Ол үшін «Сортировка данных (обратная сортировка)» «Стандартная» панелінің операциясын қолданамыз. Сонда NPV (дәл) 57098,07 тнг. тең болады.

Сонымен қатар, *NPV* мөлшеріне **дисконт нормасымен бірге ақшаның келуінің құрылымы** да әсер етеді. Бірінші жылдары экономикалық жобаның өміріне ақша мөлшері неғұрлым көп келсе, соғұрлым соңында *NPV* мөлшері үлкен болады және шығындардың төленуі тез бітеді.

Эксперименттер көрсеткендей, *NPV* көрсеткіші ақша қаражаттарының келуі мен кетуі арасында арақатынасты бір уақыт мезетінде дұрыстап тұрып көрсетеді, сонымен бірге шығындар төлеу ұсынысын, және салған ақшалардың берілген табыс нормасының нәтижесін көрсетеді. Абсолютты көрсеткіш болып, *NPV* өте маңызды қасиетке ие, ол — **аддитивтік қасиеті** (*NPV* әртүрлі жобаларды қосуға болады).

$$NPV(A, B, C) = NPV(A) + NPV(B) + NPV(C)$$

Мысал 2. Екі жоба қарастырылып отыр деп жорамалдайық. Алған дисконт нормасы 10% тұрады. Ақшаның келуі мен *NPV* есептелуінің бағалары 1 кестеде берілген.

1 кесте - Жобаның орындалу шарты (2 мысал)

Проект	I_0	CF_t	PV	NPV
X	-10000,00	16 500,00	15000,00	5 000,00
Y	-100000,00	115000,00	105 000,00	5 000,00

Екі жобаның таза жаңа құны 5000 тең. Жобаларды таңдаған кезде ең әдемі нұсқаны таңдау мүмкіндігінің жоқтығына байланысты NPV инвестициясы нәтижелілік абсолютты көрсеткішпен бірге салыстырмалы болады, сондықтан **табыстың ішкі нормасы және рентабелді индекс** қолданылады.

BCD (төлемдер; [болжам]) функциясы

Бұл функция, ақшаның келуі үшін IRR есептейді.

